

Шакизадақызы Б.*Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,**Алматы, Қазақстан**Bekzada61.2018@gmail.com**ORCID: 0000-0001-7887-9789***ХАЛЕЛ ҒАББАСОВ ЖӘНЕ «САРЫАРҚА» ГАЗЕТИ**

Аңдатпа. Бұл мақалада қалың қазақ арасына кең тараған «Сарыарқа» газетінің ұлт үшін тигізген орасан зор пайдасы мен газеттің ұстанған бағыты туралы сөз қозғалады. Сонымен қатар, алаш қозғалысының белді өкілдерінің бірі, Алашорда үкіметінің Семей облысынан сайланған мүшесі Халел Ғаббасовтың ел үшін еткен ерен еңбегі мен «Сарыарқа» газетінде жарияланған мақалалары талданады. Халел Ғаббасовтың «Мемлекет күйі» атты тарихи ғылыми-публицистикалық мақаласындағы жер, ел тағдыры, оқу-білім, ғылым, әлеуметтік, саяси-экономикалық жағдайына байланысты айтқан ойлары және сонымен бірге қазақ демократиялық баспасөзінің қалыптасуына қосқан зор үлесі турасында айтылады. «Сарыарқа» газетіндегі көсемсөз шығармаларына тоқталып, сараптама жасауға талпыныс жасалады. Х.Ғаббасовтың өмір жолы мен атқарған қызметін жоғары бағалаған ғалымдардың зерттеулері де назарға алынады. Халел Ғаббасовтың барша Алаш жұрты атынан Сталинмен келіссөз жүргізіп, нәтижесінде қазақтың ұлттық автономиялық үкіметі Алашордамен тең дәрежеде деген шешімге келгендігі туралы сөз болады. «Алаш автономиясы» атты еңбегінде қайраткер болашақта Алаш автономиясы орныққаннан кейін қазақ-қырғыз балалары бұра тартпай осы үкіметке сеніп іс қылулары керек деген тұжырымын келтіреді. Алаш қайраткерлеріне арнап жазған С.Торайғыровтың «Таныстыру» атты поэмасында Халел Ғаббасов туралы берген өлең жолдарының мәні туралы айтылады. Газет беттерінде жарияланған мақалаларындағы алашшылдық идеясының ұлт дамуы мен болашағындағы орны көрсетіліп, нақтыланады. Алаш партиясын құру үшін ұлттық-демократиялық қазақ интеллигенциясының жұрт таныған жетекшілері қатарында ауызға алынады. Болашақта Халел Ғаббасовтың қазақ ұлты үшін жасаған қызметі мен шығармашылығы терең зерттеліп, үлкен ғылыми еңбектің тақырыбына айналады деп үміттенеміз.

Алғыс: Бұл мақалаға Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржылық қолдау көрсетті (грант ЖТН АР1481300)

Кілт сөздер: Алаш идеясы, съезд, ұлт тағдыры, Алаш автономиясы, ұлттық мүдде.

Shakizadakizi B.*Kazakh National Women's Pedagogical University,**Almaty, Kazakhstan**Bekzada61.2018@gmail.com**ORCID:0000-0001-7887-9789***Khalel Gabbasov and the «Saryarka»**

Abstract. This article talks about the great benefits of the Saryarka newspaper, which is widely distributed among the Kazakh people, for the nation and the direction of the newspaper. In addition, one of the prominent representatives of the Alash movement, elected a member of the Alashorda government from the Semipalatinsk region, Khalel Gabbasov, and his articles published in the Saryarka newspaper are analyzed. Khalel Gabbasov's historical, scientific and journalistic article entitled "The State of the State" contains thoughts about the land, the fate of the country, education, science, socio-political and economic conditions, as well as his great

contribution to the formation of the Kazakh democratic press. An attempt was made to analyze the works in the newspaper "Saryarka". The studies of scientists who highly appreciated the life path and activities of Kh. Gabbasov are also taken into account. Khalel Gabbasov negotiated with Stalin on behalf of the entire people of Alash and as a result came to the decision that the Kazakh national autonomous government was equal to Alashorda. In his work "Alash autonomy", the figure concludes that in the future, after the creation of the Alash autonomy, the Kazakh-Kyrgyz youth should trust this authority and act without hesitation. S. Toraigrov's poem "Introduction", written for Alash figures, tells about the meaning of poems about Khalel Gabbasov. The place of the idea of Alashism in the development and future of the nation is shown and clarified in the articles published in the newspaper. Well-known leaders of the national-democratic Kazakh intelligentsia will be involved to create the Alash party. We hope that in the future the work and creativity of Khalel Gabbasov for the Kazakh people will be deeply studied and become the subject of great scientific work.

Acknowledgements: Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan Scientific Committee provided financial support (grant ZTN AR1481300)

Keywords: Alash idea, congress, national destiny, Alash autonomy, national interest.

Шакизадакызы Б.

Казахский национальный женский педагогический университет,

Алматы, Казахстан

Bekzada61.2018@gmail.com

ORCID: 0000-0001-7887-9789

Халел Габбасов и газета «Сарыарка»

Аннотация. В данной статье говорится о большой пользе газеты «Сарыарка», которая широко распространяется среди казахского народа, для нации и направленности газеты. Кроме того, анализируются один из видных представителей движения Алаш, избранный членом правительства Алашорды от Семипалатинской области Халел Габбасов и его статьи, опубликованные в газете «Сарыарка». Историко-научная и публицистическая статья Халела Габбасова под названием «Состояние государства» содержит мысли о земле, судьбе страны, образовании, науке, социально-политических и экономических условиях, а также его большой вклад в формирование казахского демократической прессы. Сделана попытка анализа произведений в газете «Сарыарка». Принимаются во внимание и исследования ученых, высоко оценивших жизненный путь и деятельность Х.Габбасова. Халел Габбасов вел переговоры со Сталиным от имени всего народа Алаша и в результате пришел к решению, что казахское национальное автономное правительство равно Алашорде. В своем труде «Алашская автономия» деятель делает вывод, что в будущем, после создания Алашской автономии, казахско-киргизские молодежь должны доверять этой власти и действовать без колебаний. Стихотворение С. Торайгырова «Введение», написанное для алашских деятелей, рассказывает о значении стихов о Халеле Габбасове. Показано и уточнено место идеи алашизма в развитии и будущем нации в статьях, опубликованных в газете. Для создания партии «Алаш» будут привлечены известные лидеры национально-демократической казахской интеллигенции. Надеемся, что в будущем труд и творчество Халела Габбасова для казахского народа будут глубоко изучены и станут предметом большой научной работы.

Благодарности: Министерство науки и высшего образования Республики Казахстан Научный комитет оказал финансовую поддержку (грант ZTN AR1481300)

Ключевые слова: алашская идея, съезд, национальная судьба, алашская автономия, национальный интерес.

1 Кіріспе.

XX ғасырдың бас кезінде отаршылдық пен феодалдық езгінің қыспағына түскен қазақ қоғамы ауыр әлеуметтік-экономикалық дағдарысқа киліккеннен кейін, әрекет етпей отыра бергеннен түк шықпасын түсінгеннен орта ғасырлық мешеуліктен оя-

нып, басқа елдермен бірге өркениетке апарар жол іздеу әрекетіне көшкен. Бұл қазақ қоғамы тарихындағы сапалы да жаңа кезең болатын. Бұл жерде қазақ зиялылары тек оқу-ағарту мәселелерімен шектеліп қана қоймай, саяси тұғырға көтеріліп, Ресей мемлекеттік Думасында патша үкіметі алдында, өз халқының мүддесін қорғау жолында ашық күрес майданына шықты. 1911 жылдан шыға бастаған «Айқап» журналы және «Қазақ» газеті көпшілік уалаятты елдегі жалпы хал-ахуалмен таныстырып, елдің, жердің тағдырын сөз етті, сөйтіп жалпы демократиялық қазақ баспасөзінің қалыптасуына жол ашты. Қазан төңкерісі мен азамат соғысы жылдарында қазақ ұлттық мүддені ұран еткен баспасөз органдарына «Сарыарқа», «Бірлік туы», «Ұлы Түркістан» газеттері де жатады. Алаш ұлт-азаттық қозғалысының әс-әрекеті 1917 жылдың ақпан, желтоқсан айларында шарықтау мәресіне жетті.

Мақаламызда «Сарыарқа» газетін шығарушы, Алашорда үкіметінің Семей облысынан сайланған мүшесі, Үкімет төрағасының орынбасары, алаш қозғалысының көрнекті өкілдерінің бірі Халел Ғаббасовтың ерен еңбегін көрсетуді және «Қазақтан» кейінгі екінші тынысы болған, қалың ел арасына кеңінен тараған басылымның бірі – «Сарыарқа» газетінің елге тигізген пайдасы туралы сөз қозғауды мақсат етіп алдық. Алашорданың сыртқы істер және қаржы министрі болған Халел Ғаббасовтың жауаптылығымен жарыққа шыққан бұл басылым өз уақытында ұстанған бағытын анық көрсете білгендігімен ерекшеленеді. «Мемлекет күйі», «Большевик бүгін», «Күш бірлікте», «Алаш автономиясы» т. б. көлемді де терең мақалаларын және жарық көрген басқа да шығармаларын зерттей отырып, сіңірген еңбегін кезеңдер мен бағыттарға бөліп қарастыру жұмысымыздың өзектілігін арттырады деп ойлаймыз.

2 Материалдар мен әдістері.

2.1 Зерттеу әдістері

Мақала материалдарына Халел Ғаббасовтың «Сарыарқа» газетіне жарияланған мақалалары алынды және әдістері ретінде дәстүрлі ғылыми, әдеби талдау, саралау, жүйелеу тәсілдері алынды. Халел Ғаббасовтың «Сарыарқада» жарияланған «Мемлекет күйі», «Алаш автономиясы» атты мақалаларында көтерген азаттық идеясына сәйкес жүйелі талдау жасау мақсат етілді.

2.2 Материалға сипаттама.

Х.Ғаббасовтың өмір жолы мен атқарған қызметін жоғары бағалаған ғалымдардың зерттеулері де назарға алынады. Ғалым Нұржан Қуантайұлы «қайткенде алаш көркейер деген ойдан басқа ойды өмірінде малданбаған» азаматтар қатарына Халел Ғаббасовты қосады (Қуантайұлы, 2013: 4) Осы орайда тарих ғылымдарының докторы, профессор Қ.М.Алдаберген «... 1917 жылғы жазда құрылған тұңғыш жалпыұлттық Алаш партиясын құру үшін ұлттық-демократиялық қазақ интеллигенциясының жұрт таныған жетекшілері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мұстафа Шоқаев, Міржақып Дулатовтармен бірге Халел Ғаббасов секілді тағы басқа ондаған қайраткерлер 1905-1917 жылдар аралығында қажырлы еңбек етті» (Алдаберген, 2011:13) деп көрсетті.

Осы ретте ғалым, академик К.Нұрпейісов: «Ж.Ақпаев, Ә.Ермеков, Х.Ғаббасов жетекшілік еткен Семей облыстық қазақ съезінде әлеуметтік-саяси мәселелер сөзге тиек етілді» деп өз бағасын берді (Нұрпейісов, 1995: 92).

Х. Ғаббасовтың «Сарыарқада» шығып тұрған «Мемлекет күйі», «Большевик бүгін», «Күш бірлікте», «Алаш автономиясы» т. б. көлемді де терең мақалалары Алаштың басқа да ірі қайраткерлерімен үндес болғанын баса айтуымыз керек.

С.Торайғыров қара қазақ аумалы-төкпелі заманда кімге сенеміз, кімге сүйенеміз деген сұрақты қояды да өзі сол сұраққа жауап береді. Бұл поэма Алшорда үкіметінің белгілі қайраткерлерін таныстыру мақсатында жазылған. Аталмыш қайраткерлер сапында халел Ғаббасов есімі де айтылады, осындай жағдайларды толық баяндай отырып, «Таныстыру» атты поэмасында:

Онан соң Ғаббасұлы Халел мырза,
Түрі емес, көрген адам сөзіне ырза.
Тап болар, әдісі көп артты ойлайтын,
Не аңқау, не болмаса емес қызба»,

Ызаны ұмыта алмас өшін алмай,
Ондайда іші зәрлі, сырты балдай.
Өзі айтпаса, түсінен құтырмайды,

Екенін жүректегі ойы қандай - деген жолдарынан Халелдің шын мәніндегі келбетін көре аламыз (Торайғыров, 1993:149)

«Қай кезде де ұлттың серкелері шығады. Әлихан, Мұстафа, қос Халел (Ғаббасов, Досмұхамедұлы) Жаһаншалар ресейлік озық зиялылармен деңгейлес білім алғаннан кейін басында империяны оның аймақтарын жаңа демократиялық федерацияның, мемлекеттің деңгейіне жеткізу мәселесін көздеді (Қамзабекұлы, 2018) деген ойлары Алаш зиялылары туралы ойымызды берік бекіте түседі. Өз білімдері мен пайым түсінігі, білім, білігі тұрғысынан алып қарағанда да Алаш зиялыларының қай-қайсысын алып қарағанда да озық ойлы екендігін, алысты бағдарлайтынына көз жеткіземіз. «Қай заманда да адамның қалыптасуында жетекші рөл атқарған, ол адамның дүниетанымы» (Исмакова, Пірәлі, Бегманова, Таңжарықова, Ойсылбай., 2019:602) екендігі туралы қозғалған ойлардың біз зерттеп отырған Х.Ғаббасовқа да қатысы барын байқаймыз.

3 Талқылануы

«Сарыарқа» газетінің 1918 жылы 25 қаңтар №29 санында Х.Ғаббасовтың «Алаш автономиясы» атты мақаласында: «Қазақ-қырғыз үкіметі – Алашорда, Алаш қаласына автономиясын жариялағаннан кейін қазақ-қырғыз балалары бағынған үкіметіміз осы деп сеніп, ант беріп, басқа үкіметті танымай, өз үкіметінің әмірін екі қылмай орындау керек» (Сарыарқа, 1918: 29) деп баса көрсетуі болашаққа деген нық сенімін көрсетеді. Х.Ғаббасов 1917-1918 жылдары Семей қаласында шығып тұрған «Сарыарқа» газетінің редакторы болған кезінде осы басылымға жариялаған «Мемлекет күйі» деген тарихи ғылыми-публицистикалық мақаласында большевиктердің үкімет басына келуіне наразылығын білдіріп жазады. Ел басына күн туған аласапыран заманда қазақ қауымының бірлікте болмауы жаппай репрессияның орын алуының алғышарттары еді. Ол туралы Х.Ғаббасов: «27 февральдан бері, сырттағы 4 жылға айналған сұрапыл соғыстың, іштегі саяси партиялар тартысының зарда-

бынан мемлекет толқындағы қайықтай қалтылдап, жан мұрынның ұшына келерлік төңкерілме неше күйге ұшырады» (Сарыарқа, 1918).

Сонымен бірге, аталмыш мақаласында Х.Ғаббасов 1917 жылғы февраль төңкерісі болып өткеннен кейінгі уақыттардағы Семей қаласында социал-революционер, социал-демократ, «халық бостандығы партиясы» сияқты саяси партиялардың ықпалының күшті болғандығы туралы, бұлардың саяси қызметі және талас-тартысы жайында біршама деректер келтіре отырып жазды. «Мемлекет күйі» атты мақаласында Х.Ғаббасов: «большевиктер көсемі Лениннің екінші әмірі жер-су, өлі құрал (машиналар), тірі құралымен (өгіз, аттар) жер комитеттері арқылы еңбек қуған жұрттарға бөлініп берілсін деген. Бұл үстіміздегі заманда өмір жүзінде орын таба алмапты. Әдемі ғана құр сөз. Жұрт бірімен-бірі пышақтасар, бірақ бәрін ортаға салып, жөншілікпен бөлісіп алыспас. Түптің түбінде бұл іске асса асар, бірақ осы күнде емес. Жер-судың әділдікпен жұртқа бөлініп беру жағын біз де көздейміз. Нәм осы пікірге қызмет қылмақшымыз. Бірақ бір күнде найзаның ұшымен бар қазынаны ортаға салдыруға баспаймыз. Біздің ойымызша ол мақсат өмірдің ағысына лайықты заңдарға тіреліп ресімге айланып барып бірте-бірте жақындамақ» дейді (Сарыарқа, 2018).

Бір ғасыр өткеннен кейін сол уақыттағы экономикалық көрегендікті сараптайтын болсақ, экономикалық байлығымыз жер деп алатын болсақ, бұл мәселеде Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Ә.Ермеков, Х.Ғаббасов та және басқа Алаш зиялылары да қазақ елінің тұтастығы үшін, шекарасының беріктігі үшін жанын да, білігін де аямай еңбек еткендігін көре аламыз. Екіншісі – ғылым, білім. Бұл жолда да Алаш қайраткерлерінің жанкешті еңбегі мен озық ойлы білімді азаматтар болғандығы даусыз.

Отаршылдықтың науқанды кезеңінде билігін жүргізген коммунистер алаштық бағытты ұстанған ұлт зиялыларының үнін өшіру мақсатымен «Қазақ», «Сарыарқа», «Бірлік туы», «Алаш», «Жас азамат», «Ұлан» сияқты ұлттық-демократиялық басылымдарды және сонымен бірге «Абай» журналын да ұлтшылдық айыбын тағып жауып тастады.

4 Зерттеу нәтижесі

Алаш қозғалысы дәуірі – ұлттық жазба әдебиетіміздің тарихындағы айрықша орны бар жылдар деп атауымызға берік негіз бар. Жазба әдебиетінің жарық көретін орны баспасөз, кітап басу ісі дейтін болсақ Алаш баспасөзіндегі жарияланған көсемсөздің әдебиет сынына өзінің айтарлықтай дәрежеде ой қосқандығына куә боламыз. Ғалым, сыншы Д.Ысқақұлы «Көсемсөз» термині осы кезде публицистиканың орнына қолданылып келеді» дей келе А.Байтұрсынұлының анықтамасына сілтеме береді «.. шешен сөз ауызша айтылады, көсемсөз жазумен айтылады. Көсемсөз әлеумет ісіне басшылық пікір жүргізетін болғандықтан да көсемсөз деп аталады. Көсемсөз күндегі мәселе жайын сөйлейтін сөз болған соң, кезіндегі шығып тұрған газет-журнал жүзінде шығады» (Ысқақұлы, 2012: 52)

Бостандық заманы туған соң халықпен байланыстың өзегі баспасөзбен байланысты екенін білетін қазақтың зиялы қайраткерлері әр жерде газет шығаруды қолға ала бастады. «Осы уақытта халықтың көзін ашатын оқу-білімге, бірлікке шақырып отыратын баспасөздердің жарық көруі қазақ зиялыларының ұлт мәселелерін шешуіне

үлкен ықпалын тигізген еді» (Әбдіқалық, Кожекеева, Алиева, 2022:98). 1917 жылғы апрельде Семей облыстық қазақтар съезі тездетіп газет шығару қажеттігін айтып, оны күн тәртібіне қояды. Сөйтіп, «Сарыарқаны» шығару шығынын «Теңдік» атты уақ қарыз серіктестігі мойнына алады. Екі жылдан аса шығып тұрған «Сарыарқа» газетінің редакторлары болып, басшылық жасаған азаматтар – Райымжан Мәрсеков, Халел Ғаббасов, Имам Әлімбеков, Шынжы Керейбаевтар болатын.

«Сарыарқа» – 1917-1919 жылдар аралығында шығып тұрған Семей облыстық Қазақ комитетінің газеті болып саналады және онда Алаш партиясының саяси бағдарламасы, Алашорда өкіметінің қаулы-қарарлары, саяси мәні бар жедел-хаттары, т.с.с. қазақ тарихы үшін құнды дүниелер саналатын құжаттар жарық көрді. Осы басылым беттеріндегі деректемелік материалдарсыз Алаш қозғалысының пайда болуы мен нақтылы қызметін, Қазақстанның қоғамдық саяси өмірінде алатын орнын тарихи шындыққа сай көрсету мүмкін емес еді деп ойлаймыз. 1918 жылы «Абай» атты әдеби-әлеуметтік журналдың және «Сарыарқа» газетінің шығуына қаржылай көмек көрсетіп отырған «Сарыарқа» газетіне редакторлық қызмет атқара жүріп де-меушілік жасап жүрген Халелдің есімі ел арасына кең тарайды.

Таза азаттық идеяға қызмет етуді ұстанған «Сарыарқа» газеті Николай патшаның тақтан түскен кезімен тұспа тұс келді. Сол кезді өте сәтті пайдалана білген Алашорда қайраткерлері қазақ жұртының рухани өсуіне өз үлесін қосуға ұмтылды. Ұлттың тәуелсіз ел болуын армандап, сол үшін басын қатерге тігіп, Алашорда автономиялық мемлекетін құру бағытында көп еңбектенген қайраткер Халел Ғаббасов 1888 жылы Шаған болысында дәулетті отбасында дүниеге келген. Мәскеу университетінің қаржыгер мамандығын алып шыққан Халел 1917 жылға дейін банкте несие секторының бастығы қызметін атқарған. Халел Ғаббасов жаңадан университет бітіріп шыққаннан кейін Семейде уақ қарыз инспекторы қызметін атқарған. Халел студент күнінде-ақ жинаған ақыл-ой, білімін халық игілігіне жұмсауды өзіне борыш санаған және сол пікірін іспен көрсете алған қазақтың үмітті адамы. Х.Ғаббасов редактор ретінде «Сарыарқа» газетінің 1917 жылғы №11-14, және №21, 22, 29 сандарына қол қойған. Алғашқыда «Қазақ» газетімен қатарласа шығып жатқан «Сарыарқа» 1918 жылдың февраль-май айларында Алашорда қозғалысының негізгі органы болып жалғыз шығып жатты. Осыдан-ақ газеттің атқарар жүгінің әрі ауыр, әрі жауапты болғандығын бағамдаймыз. Саяси өзгерістердің большевиктердің пайдасына шешілуі, азамат соғысы жылдарындағы қаржы жетіспеушілігі ауыр тиіп, ақырында барлығы 88 нөмірі шыққан «Сарыарқа» газеті 1919 жылғы сентябрінде жабылды.

В.И. Лениннің бай мен кедей теңестіріледі, қиналғандар теңдікке қол жеткізеді деген ұранына сенген халық қатты қателесті. Көптің сеніміне кіріп, оларды өз қолшоқпарына айналдырып алған соң Алашорда қайраткерлерін де коммунистік идеяға жан-тәнімен берілгендердің көбін де құртып тынды.

Қазақ елін ХХ ғасырдағы зұлматтан аман алып шыққан – алдыңғы өмірде ұлтымыз тәуелсіз ел, мемлекетіміз дербес болады, ешкім біздің жеке ісімізге қол сұға алмайтын кездер әлі-ақ келеді деген үкілі үміті еді. Қазақ интеллигенттері тобының басым көпшілігі тек қана бір кәсіби мамандықпен ғана емес, олар оқу-ағарту ісімен де, алғашқы қазақ тілінде басылымдар шығару, жан жақты шығармашылық жұмыспен де қатар айналысты. Бұлардың барлығына ортақ қасиет ортақ ерекшелік,

олардың қазақ қауымының қоғамдық-саяси өміріне белсене араласуы болып табылады.

Ақ патша құлағаннан кейін Әлихан Бөкейханов бастаған ұлт зиялылары қазақтың төл съезін өткізбеші болады. Халел Ғаббасов басқарған бұл съезд біздің тарихымызда орасан зор орын алады. 1917 жылдың 21-26 шілдесі аралығында өткен қазақ автономиясын құру туралы сөз қозғалған бұл жиында үлкен екі шешімге қол жеткізілді: қазақ жерінің қазақ ұлтының меншігі деп танылуы және «Алаш» деп аталатын ұлттық саяси партияның құрылуы. «Алаш» партиясының Семей губерниялық комитеті қазан айында ашылады. Онда партияның 15 кісіден тұратын уақытша облыстық комитеті өз жұмысын бастап, оның төрағалығына Халел Ғаббасов сайланады. Соны бастан аяқ талдап Халел «Сарыарқаның» 1917 жылға 25 қараша күнгі санында «Мемлекет күйі» деген атпен үлкен мақаласын жариялайды. Қазіргі Жаңасемей қаласының атын Алаш деп өзгертуге ұсыныс жасаған да Халел Ғаббасов көрінеді. 1918 жылдың наурызында Халел мен Жаһанша Досмұхамедовтер Оралдан Мәскеуге барады. Сол жерде Алаштың зиялы азаматтары Ленин мен Сталинге жолығып, «Алашорда» автономиялық мемлекеті құрылсын деген II қазақ және қырғыз съезінің қаулысын табыс етеді. Ол қаулымен танысқан Сталин наурыздың 19-ы күні Алаш азаматтарын телефон арқылы келіссөзге шақырады. Халел Ғаббасов сол жолы барша Алаш жұрты атынан Сталинмен келіссөз жүргізіп, нәтижесінде қазақтың ұлттық автономиялық үкіметі Алашордамен тең дәрежеде деген шешімге келеді. Ол келісімнің толық мәтіні «Сарыарқа» газетінің 1918 жылғы 18 мамырдағы санында толық жарияланған.

5 Қорытынды.

Алаш автономиясы жарияланғаннан кейін облыс, уезд, болыстарда қалыптасқан оның жергілікті органдары күштеп таратыла бастады. Сондықтан да Семейде шығып тұрған «Сарыарқа» газеті 1918 жылғы 15-сәуірдегі санында: «... Қай болыс, қай қала болсын большевик алмаған жер жоқ. Советтен совет шығып жергілікті мекемелердің бәрін төңкерді, иледі, биледі» - деп жазды. Советтер бел алған жағдайда Алашорда жетекшілері жергілікті өкімет органдарын құруда олармен ымыраға баруды жөн деп тапты. Осындай келісімге келудің нәтижесінде жергілікті Алаш ұйымының жетекшілерінің бірі, Алашорданың мүшесі Халел Ғаббасов Семей облыстық советі атқару комитетінің мүшелігіне сайланды. Кенес үкіметі қоғамдық-әлеуметтік, саяси мәселелермен бірге әдеби-мәдени өмірге де үлкен өзгерістер әкелді. Таптық принцип күшейе түсіп, ұлтжанды қазақ зиялылары түгелдей қуғын көріп, саяси күшпен шеттетілді. Соған қарамастан жиырмасыншы жылдардың алғашқы жартысында ой-пікірлердің негізгі қозғаушы күші бұрынғы алашшылдық идеялар болды.

Халел Ғаббасов – қазақ руханияты тарихындағы ерекше тұлғалардың бірі. Осы тұрғыдан алғанда қазақ демократиялық баспасөзінің қалыптасуына қосқан оның ересен зор үлесі қазақ баспасөзін парақтағанда толық көрінеді. Ол жас күнінен Алашорданың мұратын қолдады, ұлт-азаттық идеясын жақтады сол жолда жан аямады. Осы бағыттағы қайраткерлігін зерделей отырып, «Сарыарқа» баспасөзіндегі көсемсөз шығармаларына тоқталып, сараптама жасауға тырыстық. Халел Ғаббасов көсемсөздерін ұлттық қазынамызға қосылған сүбелі өріс деп танимыз. Сол кезде жазған мақалалары мен көтерген мәселелері бүгінгі күн тұрғысынан алып қарағанда

да өзекті болып табылады. Халел Ғаббасовтың жүріп өткен жолы мен бағыты, бағдары жағынан бүгінгі жас өркеннің де темірқазығына айналады деп бек сеніммен қараймыз. Себебі, ол жеке басының мүддесінен ұлт мүддесін жоғары қоя білді және болашақ жарқын заман үшін күресе білді. Болашақта Халел Ғаббасов қызметі мен шығармашылығы терең зерттеліп, үлкен ғылыми еңбектің тақырыбына айналады деп үміттенеміз.

Мұрағат деректері бойынша Халел Ғаббасов 1930 жылы Мәскеу түрмесінде халық жауы ретінде атылған. (Орал өңірі, 2011: 15).

Әдебиеттер:

1. Қуантайұлы Н. Алаш орда баспасөзі және Жүсіпбек Аймауытұлы. – Алғай Пресс баспасы. 2013 ж. – 269 бет.
2. Алдаберген Қ.М. Алаш баспасөзі және көсемсөз жауарлары. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған «Тәуелсіз Қазақстан – біздің тағдырымыз» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. 4-6 желтоқсан. Семей. 2011 ж.
3. Нұрпейіс К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: «Ататек», 1995. – 256 бет.
4. Торайғыров С. – 1-т. – Алматы: Алаш, 1993, – 280 б.
5. Қамзабекұлы Д. «Алаш идеясының негізі ел мен жер тұтастығы. Атырау газеті. 05.11.2018 ж.
6. The role of literature in a personality's worldview. A. Ismakova, G. Pirali, B. Begmahova, A. Tanzharikova, A. Oisylbay // *Option*, Ano 35, Especial No. 21 (2019): 599-614 бет. ISSN 1012-1587 / ISSNe : 2477-9385
7. Ысқақұлы Д. Әдеби сын тарихы. Оқу құралы. – Алматы: «Таңбалы» баспасы, 2012. – 580 бет.
8. Әбдіқалық К.С., Кожекеева Б.Ш., Алиева Ж.А «Айқап» пен «Қазақта» жарияланған Мағжан өлеңдеріндегі азаттық идея // «Керуен» ғылыми журналы. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.4-08> №4, 77-том. 2022
9. Ғаббасұлы Х. / Сарыарқа. – 1918. 25 қаңтар №29.
10. Ғаббасұлы Х. / Сарыарқа. – 1918. – 28 қаңтар.
11. Айша Өтебәлі. / Орал өңірі. – 2011 ж. 11 тамыз.

References:

1. Kuantaiuly N. (2013) Alashordynskaya press and Zhusipbek Aimauityuly. – Publishing house “Algay Press”. – 269 (in Kazakh)
2. Aldabergen K.M.(2011) Alash press and opponents. Materials of the international scientific-practical conference “Independent Kazakhstan - our destiny”, dedicated to the 20th anniversary of the Independence of the Republic of Kazakhstan. December 4-6. Semey. (in Kazakh)
3. Nurpeis K.(1995) In Alash and Alashorda. – Almaty: “Atatek”, – 256 p. (in Kazakh)
4. Toraigyrov S. (1993) – v. 1. – Almaty: Alash, – 280 p. (in Kazakh)
5. Kamzabekuly D.(2018) “The basis of the idea of Alash is the integrity of the country and the land. – Atyrau newspaper. 05.11. (in Kazakh)
6. Ismakova A., Piraly G., Begmanova B., Tanzharikova A., Oisylbay A. The role of literature in the worldview of the individual. // *Option*, Ano 35, Special No. 21 (2019): 599-614 ISSN 1012-1587 / ISSNe: 2477-9385 (in English)
7. Iskakuly D. (2012) History of literary criticism. Tutorial. – Almaty: Publishing House “Tambaly”, – 580 p. (in Kazakh)
8. Abdikalyk K. S., Kozhekeyeva B. Sh., Alieva Z. A. (2022) The idea of freedom in the poems of Magzhan, published in “Aikap” and “Kazakhta” // “Keruen”. Scientific journal. . <https://doi.org/10.53871/2078-8134.4-08> №4, 77 vol (in Kazakh)
9. Gabbasuly H. (1918) / Saryarka. – January 25. №29 (in Kazakh)
10. Gabbasuly H. (1918) / Saryarka. – January 28. (in Kazakh)
11. Aisha Otebali.(2011) / Oral өңірі. – August 11. (in Kazakh)